Отбасын қолдау орталықтары ашылды

Мемлекеттік отбасы саясатының шараларың, оның ішінде неке мен отбасын сақтау, отбасылық жанжалдарды шешу, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға (отбасына) қолдау көрсету шараларын іске асыру мақсатында Қазақстанның барлық өңірлерінде Отбасын қолдау орталықтары ашылды, оның ішінде 19 уақытша тұруды қамтамасыз етеді. Бұл «бір терезе» қағидаты бойынша көмекке мұқтаж азаматтарға қызмет көрсетудің кең тараған тәжірибесі.

Мұндай күрделі іс-шараларға біздің де ауданымыз өз үлесін қосуда – Зеренді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасыларды қолдау және сүйемелдеу жөніндегі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жақын арада ашылды.

Жергілікті атқарушы органдармен, қоғамдық ұйымдармен, волонтерлермен біріге отырып мемлекеттік отбасылық саясатты іске асыру, тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу бағытында жұмыстар атқарылады.

Орталықтың негізгі міндеттері – отбасыларды сақтап, олардың ішінде туындайтын жанжалдарды шешу. Бүгінгі таңда өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) алдын-ала анықтау және қолдау көрсетуді ұйымдастыру бойынша мобильдік топтар құру жұмыстары жүргізілуде, олардың жұмысына білім беру, денсаулық сақтау және ішкі істер бөлімдері белсенді қатысады.

Сонымен қатар, мемлекеттік отбасы саясатының үрдістеріне мониторинг пен талдау жүргізіп, жергілікті мекендерде осы саладағы мемлекеттік саясаттың бағыттары мен шаралары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілмекші.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырайтын адамдарға қолдау көрсету мүмкіндігі қарастырылады.

Отбасылық құндылықтарды жан-жақты насихаттау және нығайту үшін әртүрлі қызмет түрлерін кеңінен қолдау жоспарлануда.

Аталған мемлекеттік қызметтер мен әлеуметтік көмек алу мәселелері бойынша отбасыларға кеңес беру, өз ісін ашу және қаржылық сауаттылық мәселелері бойынша отбасыларға қолдау көрсету, бала құқықтарын қорғау және сақтау мәселелері пайда болған жағдайда көмек көрсету, отбасыларға заңгерлік қызметтер көрсету, оның ішінде некені бұзу туралы талап арыздар жасау арқылы, кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы және тағы басқа көмек көрсетілетін болады.

Сұрақтарыңыз туындаған жағдайда centrsemya_zer24@mail.kz электрондық мекенжайға немесе 8 716222-9-45 телефон арқылы хабарласуларыңызға болады.

Отандастарымыздың 2024 жылғы 1 мамырдағы зейнетақы жинақтарының көлемі 19 трлн теңгеге жақын

БЖЗК
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша БЖЗҚ-да салымшылардың (алушылардың) жеке және шартты шоттарында шамамен 19 трлн теңге жинақталған. Бір жыл ішінде зейнетақы жинақтары 3,3 трлн аса теңгеге (немесе 21,1%) өсті. Жыл басынан бері 4 айдың ішінде олардың өсімі шамамен 1,12 трлн теңге (6,2%) болды.

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары 2024 жылғы 1 мамырда 18,3 трлн теңгеден асып, бір жылда 20,6% ұлғайды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы шамамен 599 млрд теңге (бір жылдағы өсім - 22,8%). Бір жылдағы ең үлкен өсімді (45,7%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті. Олардың көлемі шамамен 6 млрд теңге.

Жинақтар мөлшерінің өсімі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен мүмкін болды. 2024 жылдың 4 айында салымшылардың шоттарына түскен зейнетақы жарналарының көлемі - 856,4 млрд теңге (өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 29,1% немесе шамамен 193 млрд теңгеге өсті).

Жарналардың барлық түрлері оң динамиканы көрсетті: МЗЖ есебі бойынша жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл басынан бері 01.05.2024 жылға 759,2 млрд теңге түсті (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 20,3% өсті), МКЗЖ - 38,7 млрд теңге (22,7% өсті), ЕЗЖ - 981 млн теңге (өсім 42,1%).

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсуде. 2024 жылдың 4 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы 57,9 млрд теңгеден асты.

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері 01.05.2024 ж. - 517,6 млрд. теңге.

БЖЗҚ-дан төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары 2024 жылдың 4 айында шамамен 285,5 млрд теңге болды. Бұл ретте осы көлемнің 41,7%, яғни 119 млрд теңгесі - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ).

Зейнет жасына толуға байланысты төлемдер шамамен 67,8 млрд теңге, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 19,2 млрд теңгеге (39,5%) көп.

Сондай-ақ, мұрагерлік бойынша төлемдер – 18,5 млрд теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – 11,4 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – 1 млрд теңгеден астам, жерлеуге төлемдер - 3,3 млрд теңге жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына 64,3 млрд теңгеден астам сома аударылды.

Атап кетейік, БЖЗҚ-дан кесте бойынша орташа айлық төлем сомасы (зейнет жасына толуға байланысты) 33 858 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы - 945 752 теңге. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың осы кезеңінде БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайынғы төлемнің орташа сомасы 32 090 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 742 692 теңге болған.

2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны - 12,4 млн бірлік, оның ішінде: 11,1 млн - МЗЖ бойынша, 677,8 мың - МКЗЖ бойынша, 413,3 мың - ЕЗЖ бойынша тіркелген.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ және өзге де түсімдер туралы мәліметтер ескерілетін БЖЗҚ-дағы шартты зейнетақы шоттарының (ШЗШ) саны 2024 жылғы 1 мамырда 3,6 млн бірлік болды.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

Технологиялық бұзушылықты болдырмау қажет

Ақмола облысының Атомдық және энергетикалық қадағалау департаменті (Департамент) бірыңғай электр энергетикалық жүйенің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысында технологиялық бұзушылықтарды тексеру және есепке алу қағидаларында белгіленген технологиялық бұзушылықтың туындағаны туралы жедел және жазбаша хабарлама беру тәртібін сақтау қажеттігі туралы облыстың энергетикалық кәсіпорындарын еске салады.

Мәселен, «Ақмола жүйеаралық электр желілері» филиалы «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ (бұдан әрі-Филиал) бірнеше рет «ЦГПП-Степная» ӘЖ - 220 кВ Л-2661 авариялық ажырату орын алды. Бұл авариялық ажырату Филиалдың жедел журналындағы жазбалармен де расталды.

Қағидаларда энергетикалық кәсіпорын технологиялық бұзушылық туындаған кезден бастап 1 сағат ішінде осы қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес,- еліміздің Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде болған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы энергетикалық кәсіпорындардың жедел хабарламалар беру регламентіне сәйкес жедел хабарламалар алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы, телефон арқылы жедел хабарлама беретіні белгіленген.

Алайда, осынау қағидаларды бұза отырып, Филиал Департаментке технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 15 минуттан астам уақыт өткеннен кейін ғана жедел хабар алмасу бойынша мобильді бағдарлама арқылы, телефон арқылы технологиялық бұзушылық бойынша жедел хабарламаны кешіктіріп берді, сондай-ақ Филиал технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 12 сағат өткеннен кейін ғана Департаментке жазбаша хабарлама жолдады.

Осылайша, Филиал «ЦГПП-Степная» ӘЖ-220 кВ Л - 2661-де болған технологиялық бұзушылық туралы уақтылы хабар бермеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ҚР ӘҚБтК) 301-2-бабының 1-бөлігіне сәйкес энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың туындаған технологиялық бұзушылықтар туралы ақпаратты уақтылы, дұрыс ұсынбауы әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

Филиалдың іс-әрекетінде ҚР ӘҚБтК 301-2-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісі анықталды. Осыған орай, құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, Филиалға әкімшілік айыппұл салынды.

Осыған байланысты, облыстың барлық энергетикалық кәсіпорындарын, оның ішінде «Ақмола жүйеаралық электр желілері» филиалын жоғарыда баяндалған қағидалар нормаларына сәйкес технологиялық бұзушылықтардың есебін жүргізу қажеттігі туралы ескертілді.

Департамент Филиалдың және басқа да энергетикалық ұйымдардың технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептілікте дұрыс емес ақпаратты ұсыну фактісін немесе туындаған технологиялық бұзушылықтар туралы ақпаратты жасыру фактісін анықтаған жағдайда, Департамент энергетикалық кәсіпорынның кінәлі лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тарту мәселесін қарастыратын болады.

Департаменттің баспасөз қызметі.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Евразийская Сырьевая Компания» ЖШС Ақмола облысы Зеренді ауданының «Алексеевское» кен орнының құмтастарын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына эмиссиялар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Алексеевка ауылдық әкімдігі, Алексеевка ауылы.

Әсер ету аумағы және географиялық координаттары Алексеевка ауылы. 53° 30' 43" с. е., 69° 30' 51" ш. б.

Учаскенің географиялық координаттары: 53° 31' 53,94"с. е., 69° 32' 17,57" ш. б.

Тыңдаулар: 02.08.2024 ж. сағат 11:00-де мына мекен-жай бойынша өтеді: Ақмола облысы, Алексеевка а.ә. Алексеевка ауылы, мектептің ғимараты.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Тыңдаулар гибридті форматта өткізіледі, қатысу үшін мына мекенжайға келу немесе ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516. Пароль 777.

Бастамашысы - «Евразийская Сырьевая Компания» ЖШС Ақмола облысы Көкшетау қ., Абай көшесі, 96 БСН 170240028238, тел.: 8 (705)-456-87-77.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., Шалқар к-сі, 18, 15 кеңсе, тел.: 87071564471.

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттармен https://ecoportal.kz/ және «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/documents/2?lang=ru танысуға болады.

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ e-mail бойынша жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: alait@mail.ru және тел: 87071564471.

Жобалық материалдар бойынша өз ескертулерін, ұсыныстарын Бірыңғай экологиялық порталға жіберуге болады https://ecoportal.kz және «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, тел.: 8 (7162) 401403, электрондық мекенжайы: natur@aqmola.gov.kz.

«Tau-ken consult» ЖШС Ақмола облысының Зеренді ауданында орналасқан Пухальское кен орнының №7а учаскесінде шөгінді жыныстарды (қиыршық-құм қоспасы) өндіруге арналған тау-кен жұмыс жоспарына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдауларды ашық түрде өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдықтың даулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Зеренді ауданы, Серафимовка ауылы.

Учаске ортасының географиялық координаттары: 52°58'02.76"С. Е., 69°19'53.47"Ш. Б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 52°57'49.67"С. Е., 69°17'35.32"Ш. Б.

Қоғамдық тыңдау 25.07.2024 ж. сағат 15.00-де Зеренді ауданы, Серафимовка а, ауылдық клубының ғимаратында өткізіледі. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Тыңдаулар гибридті форматта өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын мекенжайға келу немесе жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516. Пароль 777.

Бастамашысы – «Tau-ken consult» ЖШС, БСН 210140009783, Көкшетау қ, Абай к., 93 үй, 12 п., тел: 87070433666, e-mail: tau-ken21@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН 100540015046, Көкшетау қ., Шалқар к-сі, 18, 15 кеңсе, тел.: 87774212014, e-mail: alait2030@gmail.com.

Порталға сілтеме: https://ecoportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел: 8(777)4212014.

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдаулар ақпаратына қол жеткізуін қамтамасыздандыруға жауапты – «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қ, Абай к, 89 үй, тел.: 8(7162)401403, электрондық мекенжайы: natur@aqmola.gov.kz.

«Tau-ken consult» ЖШС Ақмола облысының Зеренді ауданында орналасқан Пухальское кен орнының №7а учаскесінде шөгінді жыныстарды (қиыршық-құм қоспасы) өндіруге арналған тау-кен жұмыс жоспарына жасалған ЭНЖ, ӨЭБЖ, ҚББ, ІШЖ,бөлімдері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдықтың даулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Зеренді ауданы, Серафимовка ауылы.

Учаске ортасының географиялық координаттары: 52°58'02.76"С. Е., 69°19'53.47"Ш. Б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 52°57'49.67"С. Е., 69°17'35.32"Ш. Б.

Қоғамдық тыңдаулар 25.07.2024 ж. сағат 16.30 -да Зеренді ауданы, Серафимовка а, ауылдық клубтың ғимаратында өткізіледі. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдықтыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Тыңдаулар гибридті форматта өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын мекенжайға келу немесе жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516. Пароль 777.

Бастамашысы – «Tau-ken consult» ЖШС, БСН 210140009783, Көкшетау қ, Абай к., 93 үй, 12 п., тел: 87070433666, e-mail: tau-ken21@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН 100540015046, Көкшетау қ., Шалқар к-сі, 18, 15 кеңсе, тел.: 87774212014, e-mail: alait2030@gmail.com.

Порталға сілтеме: https://ecoportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел: 8(777)4212014.

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты – «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қ, Абай к, 89 үй, тел.: 8(7162)401403, электрондық мекенжайы: natur@aqmola.gov.kz.